№178 от 08.11.18г.

# ШМӨЗ: ҰЛТТЫҚ ҮЛКЕН ТЕННИС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАДЫ




**Қазақстан теннис федерациясының Шымкент қаласындағы Ұлттық теннис орталығында тұрмыз. Бұл жолы Шымкенттегі ұлттық теннис орталығында спорттың осы түрінен 12 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Shymkent Cup турнирі өтуде. Өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған сайысқа Астанадан бастап, Қостанай, Алматы, Талдықорған, Ақтөбе, Петропавл, Орал және Шымкент қалаларынан жасөспірімдер келіпті.**



Жарыс ережесінде белгіленгендей, 12 жасқа дейінгі балаң жастағылар арасында өткізілген үлкен теннис бағдарламасы бір аптаға созылды.

Shymkent Cup турнирінің бас төрешісі Руслан Геннадьевич Арепринцевпен сұхбаттасқанымызда ол:

– Балалардың үлкен тенниске деген құштарлығы, мен айтар едім, егде кісілердің құмарлығынан әлдеқайда күшті. Өйткені, жас түлектер қолына алған қалақшасына барынша сеніммен, пәк көңілмен қарайды. Бұл – өзі сондай. Қандай нәрсеге бар жаныңмен құласаң, оның да саған беретін жеңісі көп болып тұрады. Сондықтан да қашан болсын, жасөспірімдермен жаттығу жасау маған шексіз рахат сезімін сыйлайды. Бүгін шымылдығы жабылғалы тұрған Shymkent Cup турниріне қатысушылардың да көңіл-күйлері өте жоғары болды. Тек, маған өкініш сыйлайтын бір нәрсе бар. Ол мынау, еліміздің әр қаласынан келген теннисшілердің әрқайсысы сыйлық беруге лайық. Ал, біз ересектер ойын ережесіне сай озып шыққандарды ғана марапаттаймыз. Кейде балалардың балбұл жанған жүздеріне қарап тұрып: «Әттеген-ай, осылардың бәріне кішкентай болса да сыйлық беріп жіберсе» деп армандаймын. Спорттың бұл түрі жасөспірімдер арасында енді ғана белең алып келеді. Алда әлі талай жеңісті сәттер күтіп тұр!

Расында да, үлкен шаршы тақтаның кез келген нүктесіне бір доптың артынан өзін-өзі аямай жанұшыра жүгіріп жеткен балалардың ойынын көріп, қай жағынан марапаттаса да жарасатынын іштей мойындайсыз.

«Марапаттау» дегеннен шығады, ұлттық теннис орталығындағы бұл кезекті ойынды елімізге жаңа өнімдерімен танымал «Петро Қазақстан продактс Ойл» компаниясы қаржыландырып отыр. Өзінің өндірістік жаңарту кезеңін табысты аяқтаған мұнайшылар жас жеткіншектердің қуанышына қуаныш үстемелеуде. Бұл жайында компанияның өкілі Еркін Жұмаділ былай деді:

– Еліміздегі халықты әлеуметтік жағынан қорғау бағдарламасына үзбей қатысып келеміз. Шымкент мұнай өңдеу зауытының басшылығы, әсіресе, жасөспірімдердің талантын ашуға біртабан жақын тұрады. Шымкент қаласында компанияның демеушілік етуімен қаншама қолөнершілердің шеберханалары, тігін орталықтары жұмысын жандандыруда. Бір аптадан бері 12 жасқа дейінгі балалар арасында өтіп жатқан Shymkent Cup турниріне демеушілік жасаудамыз. Шамалы уақыттан кейін жеңімпаздарды марапаттау рәсімі болады. Мұнда да мұнайшылардың жомарттығын танытып, арнайы сыйлықтар табыс етіледі.

Біз Қазақстан теннис федерациясы Ұлттық теннис орталығының директоры Виктор Иванович Афиминді сөзге тарттық.

– Көріп тұрсыздар, жарыстың басталғанына бір апта өтті. Бірақ, қатысушылардың ерік-жігері тасып тұр. Үлкен теннис алаңына қазір келгендей. Өйткені, бұл балалардың жаттығуына барлық мүмкіндік жасалған. Ұлттық теннис орталығында 18 корт, қонақүй сияқты демалыс орындары жұмыс істейді.

Әңгімемізді жарысқа қатысушыларды салтанатты сап түзеуге шақырған қуатты екпінді марш әуені үзіп жіберді. Қатар тұра қалған спорт киіміндегі балалар көздің жауын алады. Марапаттау басталды.

Аттары құрметпен аталып, жүлдені айқындар дегершікке қарғып шығып жатқандарға қарап тұрып әуесің келеді. Енді сол жеңімпаздармен таныстырайық.

Қазақстан теннис федерациясы Ұлттық теннис орталығында өткен Symkent Cup турнирінде 12 жасқа дейінгі балалар арасындағы бір сайыста I орынды иеленгендер: Қ.Қойлыбаева, Д.Ибрагимов, II орында: А.Крымкова, Б.Минаж, III орынды өзара бөліскендер: С.Исакова, Ә.Сауыт.

Аралас қосақталған ойынның жеңімпаздары: Ә.Сауыт пен А.Тасболат және Ә.Абдугаппар.

Жеткіншектерге осындай қуаныш сыйлаған, Жаңа индустрияландыру бағдарламасы аясында жаңарған «ПКОП» ЖШС Шымкент мұнай өңдеу зауытының жұмысымен жуырда жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысының танысқаны белгілі. Шымкенттік МӨЗ-де 2014 жылы бастау алған жаңғырту және қайта құру жобасы екі кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде компания Кеден одағында қабылданған К4 және К5 экологиялық класының (аналогы Еуро-4 және Еуро-5) бензин және дизель отынының өндірісін құрды. 15 тамызда жоғары сапалы өнім шығара бастады. Жылына қуаттылығы 2 млн. тонна шикізат өндіретін RFCC каталитикалық крекинг қондырғысын орнату жоспарланып, UOP американдық компания технологиясымен жасалынды. «Петро Қазақстан ойл Продактс» ЖШС-нің акционерлері «ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен және CNPC-пен бірігіп қызмет атқаруда.

Өзінің жаңа тарихын осылайша бастаған мұнай компаниясының қазіргі табыстан табысқа жетіп отырған жағдайы да бүгінгі ойынға қатысушы жасөспірімдердің қуанышты сәтіндей шуақты еді.

*Атанбек НАУРЫЗ.*